

**«WLtoys», «XKS», «WL Tech»
радиомен басқарылатын көлігі**

**Модельдері
10428-D / 124018 / 124019 / 12402 /
12423 / 12427 / 12429 / 144001**

Мазмұны

Сақтық шаралары	3
Қуат көзі элементтерімен жұмыс істеу барысындағы сақтық шаралары.....	4
Аккумуляторды зарядтау	4
Қашықтан басқару пульті	5
Құрылғымен жұмыс	6
Пайдалануға даярлық.....	6
Құрылғыны басқару	6
Құрылғыға қызмет көрсету	7
Ықтимал мәселелер және олардың шешімі	7
Техникалық сипаттамалар	8
Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары	10
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

«Wltoys» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған өнімдер мен құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Радиомен басқарылатын көлік – бұл 6 жастан асқан балаларға арналған ойыншық, ол қашықтан басқару пульті арқылы басқарылатын автокөліктің моделі болып табылады.

Сақтық шаралары

- Бұл құрылғыны 6 жасқа толмаған балаларға және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдарға, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа жандардың бақылауынсыз пайдалануға болмайды. Құрылғыны құрастыру ересек адамның бақылауымен жүзеге асырылуы керек.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғы мен айналадағы адамдар, жануарлар, көліктер және басқа радиомен басқарылатын көліктер арасындағы қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Көлігіңізді жаяу жүргіншілер көшесінде немесе қоғамдық орындарда іске қоспаңыз. Бұл ауыр жарақатқа, апаттарға және мүліктің бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Көлікті адамдар мен жануарлар жүрмейтін, кедергілер мен автокөлік жолдары жоқ кең алаңдарда ғана іске қосыңыз.
- Құрылғыны басқарудың абайсызда жоғалуы салдарынан радиомен басқарылатын көлікке зақым келтірмеу үшін оны су қоймаларына жақын жерде іске қоспаңыз.
- Құрылғыны пайдаланар алдында іске қосу аймағында бірдей радиожилікті қолданатын басқа құрылғылардың жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының қозғалмалы бөлшектерін ұстамаңыз.
- Электрондық блоктың зақымдануына жол бермеу үшін құрылғыны суға батырмаңыз, сондай-ақ құрылғыны жаңбыр кезінде немесе дымқыл беттерде іске қоспаңыз.
- Пайдалану кезінде мотор мен қуат көзі элементтері қызып кетуі мүмкін, құрылғыны ұстағанда абай болыңыз.
- Пайдаланғаннан кейін қашықтан басқару пультінің антеннасын әрдайым жинап қойыңыз.
- Құрылғыны және оның элементтерін балалардың қолы жетпейтін жерде, жылу көздерінен және тікелей күн сәулесінен алыс сақтаңыз.
- Қашықтан басқару пультінің антеннасын көзіңізге бағыттамаңыз.
- Тек түпнұсқа керек-жарақтарды пайдаланыңыз.
- Тұншығып қалу қаупін болдырмау үшін құрылғының қаптама элементтері мен бөлшектерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптама элементтерін бесікке, баланың төсегіне, бала арбасына және манежге жақын жерге қалдырмаңыз.



- Егер көлікті ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, тотығуды болдырмас үшін қуат көзі элементтерін құрылғыдан және қашықтан басқару пультінен шығарыңыз (себебі бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін).
- Радиомен басқарылатын көлік, қашықтан басқару пульті және зарядтау құрылғысында көрінетін зақымдардың бар-жоғын үнемі тексеріп отырыңыз. Құрылғыдан зақымдану, ақаулық

Қуат көзі элементтерімен жұмыс істеген кездегі сақтық шаралары


- Қуат көзі элементтерін бөлшектемеңіз немесе ашпаңыз, кабельдер мен сымдарды кесіп алмаңыз, себебі бұл қысқа тұйықталуға және/немесе құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін.
- Қуат көзі элементтерін пайдаланылып жатқан құрылғының пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес ауыстырыңыз. Батареяларды полярлығын ескере отырып орнатыңыз.
- Өртүрлі қуат көзі элементтерін пайдаланбаңыз.
- Ескі және жаңа қуат көзі элементтерін бір уақытта пайдаланбаңыз.
- Қуат көзі элементтерін түрлендірмеңіз. Басқа мақсаттағы батареяларды зарядтамаңыз.
- Қайта зарядталатын қуат көзі элементтерін зарядтамай тұрып, істен шығып қалмауы үшін олардың толық суығанына көз жеткізіңіз. Қуат көзі элементтері ересектердің бақылауымен зарядталуы тиіс.
- Пайдаланып болған соң зарядтау құрылғысын желіден ажыратыңыз.
- Қуат көзі клеммаларын тұйықтамаңыз.
- Жарылуға жол бермеу және денсаулыққа қатер төндірмеу үшін, іске жарамсыз қуат көзі элементтерін ешқашан жақпаңыз.

Аккумуляторды зарядтау


1. Зарядтағыштың кіріс кернеуі жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Аккумулятор контактісін толық кабельге қосыңыз.
3. Кабельді қуат көзіне қосыңыз.
4. Аккумулятордың толық зарядталуына 2 сағат кетеді.
5. АКБ ересектердің бақылауымен зарядталуы тиіс.



Қашықтан басқару пульті



1. Қуат көзінің жарық индикаторы.
2. «Қосу/Өшіру» («ON/OFF») ауыстырып-қосқышы
3. Жылдамдықты реттеу түймесі.
4. Газ шүріппесі (алға/артқа қозғалу).
5. Рөл дөңгелегі.
6. Батарея бөлігі.
7. Дөңгелектер реттегіші.
8. Батареяға арналған бөлім.
9. «Қосу/Өшіру» («ON/OFF») ауыстырып-қосқышы.




Құрылғымен жұмыс

Пайдалануға даярлық


1. Құрылғыны қосу үшін радиомен басқарылатын көліктің төменгі жағында орналасқан ауыстырып-қосқышты «Қосу» («ON») күйіне бұраңыз.
2. Қашықтан басқару пультін қосу үшін қабылдағыш түмблерін (2) «Қосу» («ON») күйіне ауыстырыңыз.
3. Көлікті дөңгелектері жерге тимейтіндей етіп тіреуішке немесе жақтауға қойыңыз.
4. Газ шүріппесін (6) бірқалыпты өзіңізге қарай немесе өзіңізден ары жылжытыңыз, радиомен басқарылатын көлік сәйкесінше алға немесе артқа жылжи бастайды.
5. Қашықтан басқару пультіндегі рульдік дөңгелекті (5) бұраңыз, көлік оңға немесе солға бұрылады. Құрылғының қашықтан басқару пультінің сигналдарына нақты жауап беретініне көз жеткізіңіз.
6. Радиомен басқарылатын көлікті жерге (немесе басқа кез келген тегіс, қатты бетке) дәл алдыңызға қойыңыз. Газ шүріппесін (6) бірқалыпты басыңыз. Түзу сызықпен қозғалу кезінде көлік белгіленген жолдан ауытқып кетсе, дөңгелектерді дөңгелектерді реттегіштің (7) көмегімен тураңыз.
7. Құрылғы пайдалануға дайын.

Құрылғыны басқару

1. Оңға/солға бұрылу (1-сурет).
Рульді өзіңізге қарай/өзіңізден ары айналдырыңыз, көлік тиісінше солға/оңға бұрыла бастайды. Көліктің бұрылу бұрышы қашықтан басқару пультіндегі рульдік бұрылу бұрышына тура пропорционалды.
2. Алға және артқа қозғалу (2-сурет).
 - Газ шүріппесін өзіңізге қарай тартыңыз, радиомен басқарылатын көлік алға қарай жылжиды. Алға қарай жылдамдық газ шүріппесін басу күшімен басқарылады: басу күші неғұрлым көп болса, соғұрлым жылдамдық жоғарылайды. Тежеу үшін газ шүріппесін «өзіңізден ары» бағытында тез басыңыз.
 - Газ шүріппесін «өзіңізден ары» бағытында басыңыз, көлік артқа қарай қозғала бастайды. Артқа қарай жылдамдық газ шүріппесін басу күшімен басқарылады: басу күші неғұрлым көп болса, соғұрлым жылдамдық жоғарылайды. Тежеу үшін газ шүріппесін бейтарап күйге келтіріңіз.



1-сурет



2-сурет

Құрылғыға қызмет көрсету

1. Құрылғыны пайдаланып болғаннан кейін, аккумуляторды радиомен басқарылатын көліктен ажыратыңыз. Қуат көзі элементтерін қашықтан басқару пультінен алып тастаңыз.
2. Құрылғының корпусындағы кірді, құмды және шаңды жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
3. Құрылғының құрылымы мен корпусының металл бөліктеріне коррозиядан қорғайтын май жағыңыз.
4. Құрылғыны аккумулятордан бөлек сақтаңыз.

Ықтимал проблемалар және олардың шешімі

Проблема	Ықтимал шешімі
Құрылғы жұмыс істемейді.	Радиомен басқарылатын көлік пен қашықтан басқару пульті қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
	Қашықтан басқару пультіне қуат көзі элементтері дұрыс полярлық бойынша орналасқанына көз жеткізіңіз.
	Радиомен басқарылатын көліктің аккумуляторы толығымен зарядталғанына көз жеткізіңіз.
Құрылғы пәрмендерге дұрыс жауап бермейді, қашықтан басқару пультінің сигнал ауқымы тым қысқа.	Іске қосу аймағында бірдей жиілікті қолданатын басқа құрылғылардың жоқтығына көз жеткізіңіз. Бос жиілікке ауысыңыз немесе көлікті басқа аймақта іске қосыңыз.
	Қашықтан басқару пультіндегі қуат көзі элементтерін ауыстырыңыз, радиомен басқарылатын көліктің аккумуляторын зарядтаңыз.
	Антеннаның қашықтан басқару пультіне мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз, іске қосар алдында антеннаны толығымен ұзартыңыз.

Жоғарыда сипатталған шаралар мәселеңізді шешуге көмектеспесе, өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Жиынтықтамасы

Көлік, қашықтан басқару пульті, зарядтағыш, сомын кілті, пайдаланушы нұсқаулығы.

Техникалық сипаттамалары

Моделі: 10428-D.

- Өлшемі: 43*27*22,5 см.
- Масштаб: 1:10.
- Мотор: 280 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD off-road.
- Салмағы: 1510 г.
- Жарық: жоқ.
- Батареяның сыйымдығы: 380 мАсағ.
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 80 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 18 км/сағ дейін.

Моделі: 124018.

- Өлшемі: 35,6*20,8*12,3 см.
- Масштаб: 1:12.
- Мотор: 550 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD.
- Салмағы: 1100 г.
- Жарық: бар.
- Батареяның сыйымдығы: 2200 мА-сағ.
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 100 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 60 км/сағ дейін.

Моделі: 124019.

- Өлшемі: 35,6*20,8*11 см.
- Масштаб: 1:12.
- Мотор: 550 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD.
- Салмағы: 1100 г.
- Жарық: жоқ.
- Батареяның сыйымдығы: 2200 мА-сағ.
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 100 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 45 км/сағ дейін.

Моделі: 12402.

- Өлшемі: 38*27,5*19 см.
- Масштаб: 1:12.
- Мотор: 550 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD off-road.
- Салмағы: 1200 г.
- Жарық: жоқ.
- Батареяның сыйымдығы: 1500 г
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 100 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 45 км/сағ дейін.

Моделі: 12423.

- Өлшемі: 42*24,5*17 см.
- Масштаб: 1:12.
- Мотор: 540 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD.
- Салмағы: 1400 г.
- Жарық: жоқ.
- Батареяның сыйымдығы: 1500 мА-сағ.
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 100 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 45 км/сағ дейін.

Моделі: 12427.

- Өлшемі: 42*24,5*18 см.
- Масштаб: 1:12.
- Мотор: 540 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD.
- Салмағы: 1490 г.
- Жарық: бар.
- Батареяның сыйымдығы: 1500 мА-сағ.
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 100 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 45 км/сағ дейін.

Моделі: 12429.

- Өлшемі: 38,5*26*20,5 см.
- Масштаб: 1:12.
- Мотор: 540 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD off-road.
- Салмағы: 1809 г.
- Жарық: жоқ.
- Батареяның сыйымдығы: 1500 мАсағ.
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 100 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 45 км/сағ дейін.

Моделі: 144001.

- Өлшемі: 31*20,5*11 см.
- Ауқымы: 1:14.
- Мотор: 550 класты коллекторлы мотор.
- Жетек: 4WD off-road.
- Салмағы: 920 г.
- Жарық: жоқ.
- Батареяның сыйымдығы: 1500 мАсағ.
- Қашықтан басқару пульті: иә.
- Қашықтан басқару пультінің қамту радиусы: 100 м дейін.
- Максималды жылдамдық: 60 км/сағ дейін.

Таратқыш (барлық үлгілер)

- Таратқыш қуаты: 10 мВт.
- Жұмыс жиілігі: 2405—2475 Гц.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында қаптамаға салып, +5 °С және +40 °С аралығындағы температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Тұрғын-жайларда коррозия туындататын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің бұлары) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны ылғал, от және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны мемлекеттік немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электрлік және электронды жабдықты тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға жіберу керек. Осы өнімді дұрыс кәдеге жарату арқылы сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісті түрде пайдаланбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келу жағдайларының алдын аласыз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорындан алуға болады.
- Құрылғыда ақау анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа жүгініп хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуандун Вэйли Интэллиджент Девелопмент Ко., Лтд.
D аймағы, Сехэ индустриалды паркі, Лаймэй тас жолының оңтүстігі, Чэнхай ауд., Шаньютоу қ., Гуандун пров., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импорттаушы / өндіруші уәкілеттік берген тұлға: «Атлас» ЖШҚ,
690068, Ресей, Приморье өлкесі, Владивосток қ., 100-летие Владивостока даңғылы,
155-үй, 3-корпус, 5-кеңсе.

Тауар Кеден Одағының техникалық регламентінің КО ТР 008/2011 «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түр-сипаты, сипаттамалары және жиынтықтамасы алдын ала хабарланбай өзгерілуі мүмкін.



Тауар жасалған күн (аа.жжжж): _____

v.3

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші кепілдік мерзімі барысында құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен жинағында ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Өнімді пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес қолданған жағдайда, кепілдік мерзімі барысында пайдаланушының қатысынсыз істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру жұмыстары жүргізіледі. Элементтерді жөндеу және ауыстыру жұмыстары өкілетті сервистік орталықтарда жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 3 ай.

Пайдалану мерзімі: 6 ай.

Сервистік орталықтардың жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

Кепілдік міндеттемелері мен тегін сервистік қызмет (оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеумен байланысты болмаса) тауар жинағына кіретін мына керек-жарақтарға қолданылмайды:

- Қашықтан басқару пультінің (ҚБП) қуат элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кабельдер, антенналар мен олардың жалғағыш тетіктері, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; әртүрлі ақпарат тасығыштар, жинақта берілетін бағдарламалық құрал (БҚ) мен драйверлер (оның ішінде бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтауышта алдын ала орнатылған БҚ және т.б.), сыртқы кіріс және шығыс құрылғылары мен манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған шнурлар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйыммен бірге берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдар мен бөлшектер.



Өндіруші төмендегідей жағдайларда кепілдік бойынша міндеттемелерді өз мойнына алмайды:

- Кепілдік мерзімнің аяқталуы.
- Жеке қажеттіліктер (тұрмыстық, отбасылық) үшін пайдалануға арналған бұйымның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ басқа мақсаттар үшін пайдаланылуы.
- Өндіруші пайдалану кезінде бұйым иесінің пайдаланушы нұсқаулығындағы талаптарды бұзуы, бұйымды орнату және қызмет көрсету бойынша нұсқауларды, бұйымды қосу (сондай-ақ сәйкес келмейтін желі кернеуінің бұйымның өзіне және оған қосылған бұйымға әсер етуі нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталу), сақтау және тасымалдау ережелерін орындамауы салдарынан болған ықтимал материалдық, моральдық және басқа да залал үшін жауапты емес.
- Механикалық зақымның барлық жағдайы: бұйымды пайдалану кезінде пайда болған кетік, шытынаған жерлер, деформация, соққы іздері, майысқан жерлер, ойылған жерлер және т.б.
- Сыртқы өзгерістер, рұқсаты жоқ адамдардың рұқсатсыз жөндеу жұмыстарын жүргізгені байқалуы. Ақау бұйымның конструкциясын немесе сұлбасын өзгерту, Өндіруші мақұлдамаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыларды пайдалану салдарынан туындаған жағдайларда.
- Бұйымдағы ақау алапат күш әсерінен (табиғи апат, өрт, су басу, жер сілкіну, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге байланысты емес басқа да жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындауы. Ақаудың бұйым ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың кіріп кетуінен, бұйымның толықтай немесе ішінара істен шығуына әкелген жемір заттар, жоғары ылғалдылық, жоғары температура әсерінен туындауы.
- Бұйымның сәйкестендіру нөмірінің (сериялық нөмірінің) болмауы немесе сәйкес келмеуі. Зақымның (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құрал әсерінен туындауы: БҚ жеткізушісінің осы қызмет түрін ұсынбауына байланысты қайта қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қол жеткізуден айыруға әкеліп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жою.
- Қуат, кабель, телекоммуникация желілерінің, радиосигнал қуатының, стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес болмауы, соның ішінде рельеф ерекшеліктері және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлар, бұйымды желі істейтін аймақ шекарасында немесе одан тыс пайдалану салдарынан жұмыс ақауларының болуы.
- Зақымның стандартты емес (түпнұсқа емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) шығын материалдарды, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат элементтерін, әртүрлі ақпарат тасығыштарын (соның ішінде CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалану салдарынан болуы.
- Кемшіліктердің үйлеспейтін контентті (әуен, графика, видео және басқа да файлдар, Java қолданбасы және осыған ұқсас бағдарламалар) алу, орнату және қолдану себебінен орын алуы.
- Осы бұйымға қосылып жұмыс істейтін басқа құрылғыларға келтірілген зияндарға кепілдік міндеттемесі қолданылмайды.

